

ISSN 2224-5294

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Л А Р Ы

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ
ҒЫЛЫМДАР СЕРИЯСЫ



СЕРИЯ ОБЩЕСТВЕННЫХ
И ГУМАНИТАРНЫХ НАУК



SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

2 (300)

НАУРЫЗ – СӘУІР 2015 ж.

МАРТ – АПРЕЛЬ 2015 г.

MARCH – APRIL 2015

1962 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНАН ШЫҒА БАСТАҒАН

ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1962 ГОДА

PUBLISHED SINCE JANUARY 1962

ЖЫЛЫНА 6 РЕТ ШЫҒАДЫ

ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД

PUBLISHED 6 TIMES A YEAR

АЛМАТЫ, ҚР ҰҒА

АЛМАТЫ, НАН РК

ALMATY, NAS RK

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА академигі

Пралиев С. Ж.

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Баймұратов У.Б.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байпақов К.М.**; филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Есім Г.Е.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қирабаев С.С.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қошанов А.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нәрибаев К.Н.** (бас редактордың орынбасары); филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сабикенов С.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сулейменов М.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сатубалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбжанов Х.М.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбусейтова М.Х.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Байтанаев Б.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Жақып Б.А.**; фил. ғ. докторы, проф., чл.-корр. НАН РК **Қалижанов У.К.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қамзабекұлы Д.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қожамжарова Д.П.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қойгелдиев М.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Құрманбайұлы Ш.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таймағанбетов Ж.К.**; социол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Шәукенова З.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА құрметті мүшесі **Дербісәлі А.**

Р е д а к ц и я к ең е с і:

Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Белостечник Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Велиханлы Н.** (Азербайджан); Тәжікстан ҰҒА академигі **Назаров Т.Н.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рошка А.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Руснак Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Мұрадов Ш.** (Әзірбайжан); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Сафарова З.** (Әзірбайжан); э. ғ. д., проф. **Василенко В.Н.** (Украина); заң ғ. докт., проф. **Устименко В.А.** (Украина)

Главный редактор

академик НАН РК

С. Ж. Пралиев

Редакционная коллегия:

докт. экон. н., проф., академик НАН РК **У.Б. Баймуратов**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **К.М. Байпаков**; докт. филос. н., проф., академик НАН РК **Г.Е. Есим**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **С.С. Кирабаев**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **А.К. Кошанов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **К.Н. Нармбаев** (заместитель главного редактора); докт. филос. н., проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **С.Н. Сабиков**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **М.К. Сулейменов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Х.М. Абжанов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **М.Х. Абусейтова**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Байтанаев**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Жакып**; докт. фиол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **У.К. Калижанов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Д. Камзабекулы**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Д.П. Кожамжарова**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **М.К. Койгельдиев**; докт. фил. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ш. Курманбайулы**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.К. Таймаганбетов**; докт. социол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **З.К. Шаукенова**; д. фил. н., проф., Почетный член НАН РК **А. Дербисали**

Редакционный совет

академик НАН Республики Молдова **Г. Белостечник** (Молдова); академик НАН Азербайджанской Республики **Н. Велиханлы** (Азербайджан); академик НАН Республики Таджикистан **Т.Н. Назаров** (Таджикистан); академик НАН Республики Молдова **А. Рошка** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **Г. Руснак** (Молдова); чл.-корр. НАН Азербайджанской Республики **Ш. Мурадов** (Азербайджан), член-корр. НАН Азербайджанской Республики **З.Сафарова** (Азербайджан); д. э. н., проф. **В.Н. Василенко** (Украина); д.ю.н., проф. **В.А. Устименко** (Украина)

Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных и гуманитарных наук. ISSN 2224-5294

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан № 10894-Ж, выданное 30.04.2010 г.

Периодичность 6 раз в год

Тираж: 3000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18,
www:nauka-nanrk.kz / social-human.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2015 г.

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Editor in chief

S.Zh. Praliyev,
academician of NAS RK

Editorial board:

U.B. Baymuratov, dr. econ. sc, prof., academician of NAS RK; **K.M. Baipakov**, dr. hist. sc., prof., academician of NAS RK; **G.Ye. Esim**, dr. philos. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Kirabayev**, dr. phil. sc., prof., academician of NAS RK; **A.K. Koshanov**, dr. econ. sc, prof., academician of NAS RK; **K.N. Naribayev**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK (deputy editor-in-chief); **A.N. Nysanbayev**, dr. philos. sc., prof., academician of NAS RK; **S.N. Sabikenov**, dr. jur. sc., prof., academician of NAS RK; **M.K. Suleimenov**, dr. jur. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Satubaldin**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK; **Kh.M. Abzhanov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.Kh. Abusseitov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Baitanayev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Zhakyp**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **U.K. Kalizhanov**, dr. phil. sc., prof., corr. member of NAS RK; **D. Kamzabekuly**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **D.P. Kozhamzharova**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.K. Koigeldiev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Sh. Kurmanbaiuly**, dr. phil. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Zh.K. Taymaganbetov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Z.K. Shaukenova**, dr. soc. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A. Derbisali**, dr. phil. sc., prof., honorary member of NAS RK

Editorial staff:

G. Belostechnik, NAS Moldova academician (Moldova); **N. Velichanly**, NAS Azerbaijan academician (Azerbaijan); **T.N. Nazarov**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **A. Roshka**, NAS Moldova academician (Moldova); **G. Rusnak**, NAS Moldova academician (Moldova); **Sh. Muradov**, NAS Azerbaijan corr.member (Azerbaijan); **Z. Safarova**, NAS Azerbaijan corr.member (Azerbaijan); **V.N. Vasilenko**, dr. econ. sc., prof. (Ukraine); **V.A. Ustimenko**, dr. jurid. sc., prof. (Ukraine)

News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Humanities.
ISSN 2224-5294

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of information and archives of the Ministry of culture and information of the Republic of Kazakhstan N **10894-Ж**, issued 30.04.2010

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 3000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

www:nauka-nanrk.kz / social-human.kz

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2015

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 2, Number 300 (2015), 256 – 262

UDC 373.5:51

Peculiarities of psycho-pedagogical social work with young people

Alipbek A.Z., Tautaeva G.B.

alipbek_ardak@mail.ru

South Kazakhstan State Pedagogical Institute, Shymkent, Kazakhstan

Key words: youth, social work, psychology, pedagogy, deviation.

Abstract. Youth policy is one of the main directions of State policy-in the future, focusing on growth and development, the formation of a civil, legal, economic and organizational abilities of the youth. To implement these objectives, the State is primarily conceptual, legal and regulatory environment. Gosudarstvennaâ policy to promote youth actually carries out these responsibilities.

ӘОЖ 373.5:51

Жастармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері

Әліпбек А.З., Таутаева Г.Б.

alipbek_ardak@mail.ru

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық институт, Шымкент қ., Қазақстан

Кілтті сөздер: Жастар, әлеуметтік жұмыс, психология, педагогика.

Аңдатпа. Жастар саясаты мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі ретінде – жастардың өсіп-өркендеуін, азаматтық қалыптасуын алғышарттайтын құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайларды құрып, нығайтуды көздейді. Бұл міндеттерді іске асыру үшін мемлекетке ең алдымен концептуалдық, құқықтық-нормативтік негіз жасау шарт. Міне, осы міндетті іске асыру бүкіл мемлекеттік жастар саясатының ойдағыдай жүруіне септігін тигізеді. Бұл міндеттердің неғұрлым ойдағыдай шешілуі, жастар саясатының тиімділігін соғұрлым арттыратыны анық.

Жастармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің екі моделі туралы айтуға болады – интегративті және дефицитті. Интегративті модель – бұл жастардың әлеуметтенуіне жағдай жасауы тиіс әлеуметтік жұмыс. Осы аспектіде әлеуметтік жұмыс іс жүзінде әлеуметтік педагогика секілді кәсіби қызмет түрімен салыстырылады.

Осы модельді іске асыру елеулі қаржы, сондай-ақ адам және материалдық ресурстар бөлуді көздейтін мемлекеттік-қоғамдық шығындық механизм арқылы ғана мүмкін болады. Алайда толықтай бұл шараны іске асыруға қомақты қаражат талап етілетіндіктен, көптеген мемлекет әлеуметтік жұмыс жүргізудің дефициттік моделін таңдайды, ол негізінен халықтың аз қорғалған бөлігінің мұқтажын қанағаттандыруға бағытталған.

Жастармен әлеуметтік жұмыс жүргізу ретінде жекелеген жасқа, сол сияқты жастар тобына олардың әлеуметтік қызмет ету қабілетін жақсарту немесе қалпына келтіру мақсатында көмек көрсетуге бағытталған кәсіпқой қызмет түсініледі. Әлеуметтік жұмыстың басты міндеті – жастардың бойында өздерінің мәселелерін дербес шешу, нарықтық экономиканың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына бейімделу, өз бетінше өмір сүру дағдыларын үйрену және өзін өзі басқару қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. Бұл қызмет түрінің субъектісі – жастарға

арналған әлеуметтік қызметтер, жастарға әлеуметтік көмек көрсету және қорғау, олардың бастамаларына қолдау көрсету жөніндегі мамандандырылған мекемелер [1].

Жалпы жастармен әлеуметтік жұмыс жүргізу тәжірибесінде мынадай қызмет түрлерін көрсететін орталықтар кездеседі:

Жастарға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету орталығы. Ол қиын жағдайға ұшыраған жастарға медициналық-психологиялық-педагогикалық көмек көрсетеді. Орталықта екі бөлім ашуға болады: әлеуметтік-құқықтық көмек бөлімі, оған қонақ үй, жатын жай, социотерапия мектебі, кәсіптік бағдар кабинеті, өндірістік кешен, мәдени-спорттық кешен, еңбек биржасы, шешу бюросы, заң консультациясы кіреді; медициналық-психологиялық-педагогикалық көмек бөлімі, оған диагностика-психологиялық пункт, ата-аналарға арналған консультативтік пункт, оқушыларға арналған консультативтік пункт, анонимдік қабылдау кабинеті, дағдарысты стационар, дәрісхана және бос уақытты пайдалану пункті кіреді.

Жастарға арналған ақпарат орталығы. Бұл жастар ісі жөніндегі органдарға, жастармен жұмыс істейтін ұйымдар мен мекемелерге, жастардың әртүрлі топтарына ақпараттық және әдістемелік қызмет көрсетеді. Жастардың заң, коммуникативтік, жеке, кәсіптік, білім, тұрғын үй және басқа мәселелерін шешу үшін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырудан басқа орталық жастар арасындағы үдерістер туралы және жастардың ақпараттық қажеттіліктері туралы талдаулармен шұғылданады.

Кәмелетке толмағандарды және түрмеден босанып шыққандарды қайта әлеуметтендіру орталығы. Орталық дезадаптирленген жағдайдағы жастарға консультативтік, әлеуметтік-құқықтық, кәсіптік және психологиялық көмек көрсетеді. Орталық міндеті – жастардың криминогенді санатына көмек көрсету, олардың жұмыспен қамтылуына қол ұшын беру.

Жасөспірімдер мен жастарға арналған консультациялық орталық. Ол телефон арқылы білікті, төтенше, анонимді, тегін психологиялық көмек көрсетуге арналған. Орталықтың негізгі міндеттері:

- жасөспірімдер мен жастарға олардың әлеуметтік мәртебелері мен тұрғылықты жеріне қарамастан қазіргі заманғы білікті әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету;

- конфликтті және психологиялық қиын жағдайда жүрген абоненттерге көмек беру, дағдарысты жағдайдан шығуына тұлғалық, рухани, шығармашылық жақтан дем беру;

- жасөспірімнің психологиялық мәселелері бойынша балаларға, жасөспірімдерге, жастарға, ата-аналарға және тәрбиешілерге телефон арқылы психологиялық кеңес беру;

- абоненттерге басқа да әлеуметтік қызметтермен және мамандармен байланыс орнату үшін ақпарат беру;

- жастар ортасындағы көңіл-күй ауанын, «жанды» жерлерді, өзекті үрдістерді айқындау.

Жасөспірімдерге арналған жатақжай. Ол объективті немесе субъекті себептерге байланысты отбасынан, балалар үйінен, қоғамнан шеттеп қалған кәмелетке толмаған жасөспірімдерді уақытша паналатуға арналған.

«Жастар» мәселелерін олардың отбасы, білім беру және денсаулық сақтау, қоғамдық тәртіпті сақтау, мәдениетті дамыту, спорт және туризм жүйесінің қатысуынсыз, қолдауынсыз шешу мүмкін емес. Әлеуметтік қызметтердің қалыптасуы осы қызмет түрлерімен қоян-қолтық байланысты болуы керек.

Жастармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің тиімділігі – жастарға әлеуметтік қызмет басшылары мен жергілікті әкімшілік өкілдерінің өзара түсіністікпен қатынасып, біріге қолдау көрсеткен кезде мүмкін болады.

Жастар қызметтері көптеген мекемелермен өзара байланысқа түседі. Бұл көбінесе белгілі бір жобаларды қаржыландыруға байланысты. Әлеуметтік қызметтер мен жастар бағдарламалары өзін өзі қаржыландыру мақсатында аукциондар өткізу, лотереялар ойнату, телемарафондар ұйымдастыру және с.с. шараларға жиі жүгінеді.

Жастармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің осындай жүйелері басқа елдерде де бар. Өкінішке қарай, мемлекеттік және жергілікті бюджеттен бөлінетін қаржы жастармен жұмыс істейтін мекемелердің аппаратын ұстап отырудан аспай қалады.

Бұл ретте жастармен әлеуметтік жұмыс жүргізуде қолданылып жүрген шетелдік тәжірибенің тиімді тұстарын алғанның айыбы жоқ. Соның бірі «жастармен ықшам әлеуметтік жұмыс жүргізу» әдісі.

Ықшам әлеуметтік жұмыс жүргізудің мәні – жастар орталықтарына да, консультациялық торталықтарға да жүгінуге құлықсыз девиантты мінез-құлықтағы жастар тобына бақылау орнату. Әдетте, бұларға рокерлер, футбол жанкүйерлері (фандар), радикалды топтар өкілдері, наркомандар жатады. Ықшам әлеуметтік жұмыс жүргізудің принципі – құқы бұзуға бейім жастар әлеміне кіру мақсатында олармен өзара қарым-қатынас орнату.

Ықшам әлеуметтік жұмыс жүргізу АҚШ-та пайда болған. Әлеуметтік қызмет мамандары осы санаттағы жастарға көмек көрсету мақсатында жастар көп жиналатын көшелерге, арнайы жерлерге барып, оларға әлеуметтік көмек көрсетуге тырысқан. Осылайша, әлеуметтік жұмыс әртүрлі орталықтардан, ведомстволар мен консультативтік пункттерден тікелей көшеге ауысқан.

Қазіргі кезде ықшам әлеуметтік жұмыс жүргізудің әртүрлі формасы бар. Жастармен әлеуметтік жұмыс жүргізуде ерлердің әлеуметтену ерекшеліктерін ескеру керек. Бұл ретте әлеуметтік қызметкерлердің жастар ортасындағы агрессивтілікті «сублимациялау» тәжірибесі назар аударарлық, яғни олар жастардың агрессивтілігін мақсатты және бақыланатын бағытқа жұмылдырып, мысалы, әртүрлі спорттық секциялар ашып, соларға қатыстыра отырып, назарда ұстайды.

Әлеуметтік жұмыс жүргізудің тағы бір маңызды бағыты – дағдарысты жағдайға ұшыраған қыздар мен жас келіншектерге қолдау көрсетудің жаңа әдістерін сынақтан өткізу. Бұл жаңа әдістер отбасындағы сексуалды табу тақырыбын ашуға мүмкіндік берді. ФРГ-да сексуалды күш көрсетудің құрбаны болған әйелдер мен қыздарға арналған 200 жатынжай бар. Бұл орынға тек әйелдер ғана емес, зорлыққа ұшыраған балалар да келеді. Алайда ерлердің мұнда кіруіне үзілді-кесілді тыйым салынған [2].

Әлеуметтік жұмысты іске асырудың бір басымдылығы болып жастарға арналған әлеуметтік қызметтер желісін құру және оларды жастардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық мәселелерін жоққа шығарушы негізгі тетік ретінде пайдалануға болады. Осы уақытқа дейін жастардың әлеуметтік саласын әлеуметтік қолдау, медициналық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық қызметтер көрсету, сондай-ақ азаматтардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне көмек көрсету саласындағы түрлі қызметті жүзеге асыратын ұйымдастырушылық-құқықтық нысандағы әлеуметтік қызметтер ұсынған болатын. Осы уақытқа дейін олардың қызметі «Жастарға арналған әлеуметтік қызметтер құру туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 3 мамырдағы № 340 қаулысымен реттелген.

Алайда, қоғамдық өмірдегі күрделі өзгерістер және қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдай 90-жылдардың басында құрылған әлеуметтік қызметтерді талап етудің едәуір төмендеуіне әкеліп соқтырды. Жастарға арналған әлеуметтік қызметтер олардың қызметінің тиімсіздік факторының негізі болып табылатын басқа да экономикалық, әлеуметтік, құқықтық жағдайларда құрылды және ұйымдастырылды. Осыған байланысты жастарға арналған әлеуметтік қызметтердің қалыптасуына жаңа әдістерді қолдану қажеттілігі туындады. Әлеуметтік қызметтер жастардың тіршілік әрекетінде бәсең рөл атқармауы керек, керісінше жастармен өзара іс-әрекеттерді жандандыруға, оның дамуына барлық жағынан ықпал етуге тиіс. Әлеуметтік қызметтерді жастардың қазіргі мәселелері бойынша ізденуге, зерттеуге және оларды шешуге бағыттау қажет. Осы Бағдарлама шеңберінде жастарға арналған әлеуметтік қызмет желісін құру қарастырылады, оның негізгі мақсаты жастардың аз қамтылған бөлігіне арналған әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ экономикалық және әлеуметтік қамтамасыз ету саласында жағдай жасау.

Жастар саясаты мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі ретінде –жастардың өсіп-өркендеуін, азаматтық қалыптасуын алғышарттайтын құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайларды құрып, нығайтуды көздейді. Бұл міндеттерді іске асыру үшін мемлекетке ең алдымен концептуалдық, құқықтық-нормативтік негіз жасау шарт. Міне, осы міндетті іске асыру бүкіл мемлекеттік жастар саясатының ойдағыдай жүруіне септігін тигізеді. Бұл міндеттердің неғұрлым ойдағыдай шешілуі, жастар саясатының тиімділігін соғұрлым арттыратыны анық.

Жалпы Қазақстан Республикасының жастар саясатындағы әлеуметтік жұмыс жүргізу мәселесін қарастырмаз бұрын, жалпы жастар саясатының қалыптасу барысына талдау жасағанмыз жөн болады. Бұл жастар саясатының жалпы көрінісін, осы саладағы шешілмеген сұрақтар буынының сипаты мен көлемін анықтауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің көбінесе жастармен қарым-қатынасы басқа елдердегідей, жастар мәселесінің спецификалық шешімі қоғамның саяси-әлеуметтік құрылымдарымен ерекшеленетіні белгілі. Сондықтан да Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатының қалыптасу және іске асу ерекшеліктерін осы салаға ретроспективті талдау жасау арқылы көре аламыз.

1990 жылдарға дейін жастармен жұмыс істеудегі көптеген функцияларды комсомолдың атқарғаны белгілі.

Жастармен жұмыс істеу барысында комсомол саяси-әлеуметтік жүйенің барлық саласында өте жоғары тәжірибе жинақтағанын атап өтуіміз қажет. Жасөспірімдерді патриотизмге, еңбекке, әдептілікке, дене даярлығына тәрбиелейтін кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесі мүлтіксіз жұмыс істеді. Комсомолдың тарихи тәжірибесі мен нақты іс-әрекеті оның кеңестік қоғамдағы орны мен маңызын айқындап, жалпы алғанда жастардың рухани дамуын қанағаттандырды деп айтсақ қателеспейміз. Студенттік құрылыс отрядтарын, оқушылардың өндірістік бригадаларын, жоғары кластардың еңбек және демалыс лагерлерін; «Золотая шайба», «Кожанный мяч», «Белая ладья» спорттық клубтарын; «Студент және ғылыми-техникалық прогресс» конкурстарын; қоғамдық мамандықтар факультеттерін; жас жазушылардың, композиторлардың, кинематографтар мен басқалардың отырыстарын; мәдениет, ғылым, техника, өндіріс және өзге де салаларда еңбек ететін жастарға сыйақы тағайындау сияқты тиімді түрлерін комсомолдың пайдалы жұмысы деп атауға толық негіз бар.

Жоғарыда көрсетілгендердің барлығы бір мақсатты – жас патриоттар буынын қалыптастыру, балалар мен жастарды шығармашылық еңбекке және Отанды қорғауға, өз елінің тарихы мен мәдениетіне шынайы сезімін тәрбиелеуді көздегені рас. Мысалы, тек осы жастардың араласуымен ел ішінде жаңа қалалар, энергетикалық, әскери-өндірістік комплекстер құрылды, тың игерілді. Сондықтан бүгінгі жастардың патриоттық тәрбиесіне комсомол тәжірибесінің берері мол деп есептейміз.

Жастар саясатының басты басымдылықтарын іске асыру үшін келесі мақсаттар бөлініп көрсетілді:

- Жастар патриотизмінде жастардың қоғамы және рухани дамуын қамтамасыз ету.
- Жастардың еңбек, білім және денсаулығын сақтау саласында әлеуметтік құқықтарын қорғау.
- Жастардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдайлар жасау.
- Жастардың рухани және материалдық дамуы үшін жағдайлар жасау.
- Жастар қоғамдағы инициативаларын ынталандыру және қолдау.
- Қазақстан жастарын халықаралық мәдени, экономикалық, ғылыми және білім беру үдерістеріне тарту.

Жастардың болашақта патриот азамат болып қалыптасуында маңызды орын алатын аспектілердің келесі бір тетігі – жастар ұйымдарына көрсетілетін мемлекеттік қолдау механизмдері. Дәл қазіргі уақытта республикамыздың Әділет министрлігінде 157 жастар ұйымы тіркелген. Олардың бағыт-бағдарлары әртүрлі, соның ішінде экологиялық, ақпараттық, құқықтық қорғау, салауатты өмір салтын насихаттайтын, мәдени-ағартушылық болып бөлініп кете береді. Айталық, «XXI ғасыр көшбасшысы», «Анти-Спид», «Қазақстан болашағы үшін», «Жастар салауатты өмір салты үшін», «Жастар таңдауы», «Ұлттық пікірталас орталығы», «Жастар парламенті», «Қазақстан жас лидерлер ассоциациясы», «Қазақстан жастар одағы» т.б. осындай ұйымдар республика көлемінде жұмыс атқаруда [3].

Оның үстіне жастардың діни сана-сезімі де үлкен өзгерістерді бастан кешіруде. Бүгінгі таңда мемлекетімізде діни бірлестіктердің саны 3 000 мыңға жетіп, ал діни конфессиялардың 40-тан астам түрі тіркелген. Қазақстанда соңғы жылдары діни институттардың саны мен сапасы артып қара көз қазақтың 500 мыңға жуығы басқа діннің өкіліне айналған. Бір алаңдататыны олардың арасында жастарымыздың саны көбейгендігі.

Десе де жастар ұйымдарының қоғамдық-саяси үдерістерге ықпалы төмен деңгейде қалып отыр. Сондықтан Қазақстан жастарының конгресі жалпы қазақстандық жастардың мәселелерін

мемлекеттік деңгейге көтеруге мүмкіндік алып отыр. Ал, мемлекеттің міндеті Жастар конгресімен тығыз байланыста болып жастарды барынша кең көлемде саяси үдерістерде, әлеуметтік-маңызы бар жобаларды іске асыруда белсенді ат салысуына жағдай туғызу болып отыр.

Демек, Қазақстан жастарының конгресі сияқты үйлестіруші органның болуы, елімізде жүргізіліп отырған жастар саясатының тиімділігін арттырудағы маңызды механизмдердің бар екендігінің айғағы болса керек. Сонымен қатар, осындай жетістіктер мен бірге жастар қозғалысының құрылуы мен ұйымдастыру, мемлекеттік органдар мен жастар бірлестігі арасындағы өзара тиімді әріптестік қатынасты жасау кезінде туындаған мәселелерді айтпай кетуге тағы да болмайды.

Кеңес уақытынан кейін көптеген елдер мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда мемлекет пен жастардың өзара қатынастарының нашар ұйымдастырылу салдарынан сергелдеңге түсіп, біршама күйзеліске ұшыраған жайы бар. Сөз жоқ, бір жағынан соңғы жылдары жастар саясатын мемлекеттік деңгейде іске асыру жұмыстарында жүйелі әдістерді ендіріліп, заман талаптарына сай өзгертулер жүргізілуде. Екінші жағынан, жастар саясатына деген көзқарастар мен осы үдерістерді басқару органдарының жиі қайта құрылуы тағы бар. Осы орайда, ресейлік зерттеушісі В.А.Луков мемлекет тарапынан қарастырылатын шаралар жүйесі мен ұйымдастыру құрылымдарын орнықсыз өзгерте беру мемлекеттік жастар саясаты міндеттерін белгіленген уақытта орындалуын тежейді, ал бұл өз кезегінде бағдарламалық принциптердің маңыздылығын төмендетеді деп анық атап көрсеткен.

Сонымен қатар, мемлекеттік жастар саясаты аясындағы бағдарламалық әзірлемелер, ұйымдастыру шаралары жоғарғы билік өкілдерінің назарынан тыс қалатын кездер аз емес. Сол себептен іске асырылған шаралар қоғамда, әсіресе жастар ортасында қажетті нәтижеге қол жеткізе алмайды. Сол үшін, ведомстволарлық және басқа да ұйымдар арасындағы кедергілерді алып шығуға бағытталған жастар ісі бойынша қызмет атқаратын мемлекеттік құрылымның болғаны дұрыс сияқты.

Оның үстіне, жастар ұйымының көптүрлілігі оларды қадағалап, қоян-қолтық жұмыс істейтін мемлекет үшін бірқатар қиындықтар туғызары анық. Егер қазіргі таңдағы жастар мәселесімен айналысатын барлық мемлекеттік басқару құрылымдарын жинақтап айтар болсақ, оған Мәдениет министрлігі, Ақпарат министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі және басқа да органдарды қоссақ, онда мемлекеттік ұйымдардың көп бөлігі жастар мәселесімен айналысатыны айқындалады. Бірақ, осы уақытқа дейін олардың жұмысының нақты нәтижесі туралы сөз қозғау артық сияқты.

Біздің пікірімізше, жоғарыда айтылған мекемелердің іс-әрекеттерінің үйлеспеуіне бюджеттен бөлінген қаржының таратылуының дұрыс еместігі басты себеп болса керек. Қорытындысында мұндай жағдай жастар мәселесінің, оларға бірінші кезекте отансүйгіштік қасиеттерді қондыру мәселелерінің ойдағыдай, түбірімен шешілуіне кедергі жасауда.

Сондықтан жастар ұйымдары туралы мәселелер қазіргі таңда тиімді шешімін табудың орнына, министрліктер, әкімшіліктер мен басқа да билік коридорларында қалып қояуда.

Ең алдымен бұл жастардың өзінің жалпы тұтастығын ұғына алмауына байланысты. Әрине, қазіргі жағдайда барлық жастарды жинау мүмкін еместігі түсінікті, бірақ өздерінің мақсаттары мен тапсырмаларын ұғынған және соған ұйымдасқан түрде жетуге тырысатын белсенділер бөлігін жинау қажет жұмыс.

Бұл жердегі ой комсомолдың қайта құрылуы туралы емес. Комсомол басқа уақыт пен басқа жүйенің элементі болғаны аян. Сол себептен алғашқы ұйымдардың қазіргі өмір талаптарына бейім болып құрылуы, оларды жанартып жасаудың маңызы зор.

Айталық, Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатын жүйелі түрде іске асыру барысында «Қазақстан жастары» бағдарламасы қабылданғаны белгілі. Бағдарламаның мақсаты мемлекеттік жастар саясатындағы құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық механизмдерін құрып, жүзеге асыру болып табылады. Бағдарламаны жүзеге асыру кешенді түрде қамтылған және үйлестірушілік тетіктердің көмегімен іске асады. Ол мемлекеттік жастар саясатының толыққанды жұмыс істеуі, сол жастардың белсенді араласуымен қарай жастармен жұмыс істеуді дамыту әдістерін тиімді түрде қолдануға бағытталған. Аталмыш бағдарламаны іс-шараларының жоспарында жастардың қоғамдық-патриоттық ұйымдарының еркін қазмет етуіне жағдайлар жасау көзделген.

Жалпы «Қазақстан жастары» бағдарламасы жастардың рухани-патриоттық тәрбиесі мен денсаулығының жақсаруына жағдай жасауды көздейді. Аталмыш бағдарламаның қорытындысында жастардың азаматтық қалыптасуының қанағаттандыратын қажеттіліктері, соның ішінде жұмысқа орналасуы, рухани дамуы, сондай-ақ жастар арасындағы қылмыс пен нашакорлықтың таралуына тосқауыл қою жолдарын қарастырады [4].

Дегенмен, Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатын құқықтық тұрғыда бекіту кезінде жастар туралы мемлекеттік құжаттардың бастапқы редакцияларының қоғам мен заман талаптарына сай бірқатар өзгерістерді басынан кешіргенін көру қиын емес.

Осындай үлгіде, біз жастар саясатының нормативті-құқықтық негізіне қатысты концептуалды регламентін, сондай-ақ мемлекет пен жастар ұйымы арасындағы бірлескен әрекеттерін қарастырдық. Жалпы Қазақстанда осы бағытта болашақ уақыт талабына сай келетін жастар саясатының концепциясына түзетулер мен қосымшаларды ендірудің қажет екенін көреміз.

Мемлекеттік жастар саясаты әлеуметтік саясат ретінде тек компенсаторлық механизмге жиынтық болмауы керек. Ол жас ұрпақтың шығармашылық мүмкіндігіне сүйенетін белсенді инновациялық және өндірістік аспектіден тұруы керек. Өз ретінде бұл қоғам ресурстарын стратегиялық тұрғыда дамытатын мемлекеттік жастар саясатын құруға мүмкіндік береді.

Жастар саясатын жүзеге асырудағы мемлекеттің негізгі рөлі негізгі мақсаты – нақты тапсырмаларды шешуге бағытталған жастардың патриоттық рухты көтеруге негізделген жобаларын қаржыландыруда. Сонымен бірге, өз мәселелерін өздігінен шешуді көздейтін, жастар мүмкіндігін арттыратын кешенді бағдарламаларды іске асыруға көмегі бар құқықтық және қаржылық-экономикалық механизмдерді құру да мемлекеттің мойнында болса керек. Бұл бағытта жалпы шаруашылықты жүргізу жағдайында экономикалық ортаның белгілі жеңілдіктерін алғашқы кезеңде қалыптастыру, еңбек мотивацияларын арттыру, жастар ортасында кәсіпкерлікті дамыту және көтермелеу тапсырмаларын шешу сияқты мәселелер бар.

Жастарды дамыту үшін қалыптасқан жағдайда жастардың өз іс-әрекеттеріне жеке жауапкершілігі мен оның жеке бостандығына негізделген қоғамдық қатынастардың кезең-кезеңімен дамуын қамтамасыз ету талап етіледі. Бұл жастардың саяси, мәдени және әлеуметтік-экономикалық белсенділігін арттырып, жастардың өмір жолдарын өздігінен таңдауларына себеп болады.

Демек, жастар саясатының тиімділігі қоғамда қалыптасқан дәстүрлер мен демократия принциптеріне деген сенімді айғақтап, оның ережелері мен принциптері төменнен шыққан бастамаға, яғни, жастар ортасынан шыққан бастамаларға сүйенуі керек. Ол болмаған жағдайда аталмыш саясат тек қарапайым жария күйінде ғана қалмақ.

Осының бәрінен мемлекеттік жастар саясатының билік пен жастар арасындағы қарым-қатынасқа негізделген қиын, әрі көп деңгейлі үдеріс екендігін көреміз.

Жалпы ойды қорытындылай келгенде қазіргі жастар саясаты мен ондағы патриоттық тәрбие мәселесін шешуде мынадай ой-түйін айтуға болады:

1. Әлеуметтік-экономикалық күйзелісті бастан кешіріп отырған қоғам өміріне кірген жасөспірімді азамат ретінде қалыптастыру үшін, оның болашақтағы мүмкіндіктерін кеңейту үшін не істеу керек? Мұндағы негізгі ой, қоғамды қылмыстан және т.б. келеңсіз құбылыстардан құқықтық тұрғыда қорғай отырып әлеуметтендіру мен тәрбиеге қол жеткізу.

2. Қоғамдағы жасөспірімнің өзін-өзі дамыту мен өсіп-өркендеуін қалай қамтамасыз ету керек?

Сонымен, қорыта айтқанда, Қазақстан қоғамы – жастардың өсіп-өркендеуінің басты өмірлік потенциалы екендігін ұмытпаған абзал.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Основы социальной работы: Учебник / Отв. ред. П.Д. Паевленок. М., 1999.
- [2] Колков В.В., Колков С.В., Шахина Н.А. Государственная молодежная политика и социальная работа с молодежью: Учебное пособие. – М.: Социально-технический институт, 2000.
- [3] Кебина Н.А. Молодое поколение Казахстана: сегодня и завтра. //Социология молодежи. 2005, № 2.
- [4] Социальная работа: инновационные и компаративные исследования. М., 1998.

REFERENCES

- [1] Osnovy social'noj raboty: Uchebnik / Otv. red. P.D. Paevlenok. M., 1999.
[2] Kolkov V.V., Kolkov S.V., Shahina N.A. Gosudarstvennaja molodezhnaja politika i social'naja rabota s molodezh'ju: Uchebnoe posobie. – M.: Social'no-tehnicheskij institut, 2000.
[3] Kebina N.A. Molodoe pokolenie Kazahstana: segodnja i zavtra. //Sociologija molodezhi. 2005, № 2.
[4] Social'naja rabota: innovacionnye i komparativnye issledovanija. M., 1998.

УДК 373.5:51

**Особенности ведения психолого-педагогической
социальной работы с молодежью**

Алипбек А.З., Таутаева Г.Б.

alipbek_ardak@mail.ru

Южно-Казахстанский Государственный педагогический институт, г. Шымкент, Казахстан

Ключевые слова: молодежь, социальная работа, отклонение, педагогика, психология.

Аннотация. Молодежная политика является одним из основных направлений государственной политики – в перспективе нацеленной на рост и развитие, формирование гражданских, правовых, экономических и организаторских способностей молодежи. Для претворения в жизнь этих целей, государство в первую очередь осуществляет концептуальные, нормативно-правовые условия. Государственная политика содействия молодежи на деле осуществляет действие этих обязательств.

Әліпбек А.З., педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Таутаева Г.Б., педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы ОҚМПИ, Шымкент қ., Қазақстан

А.З.АЛИПБЕК, старший преподаватель, кандидат педагогических наук

Г.Б.ТАУТАЕВА, старший преподаватель, кандидат педагогических наук ЮКГПИ, г. Шымкент, Казахстан

A.Z.Alipbek, Ph.D., Senior Lecturer

G. B. Tautayeva, senior teacher, candidate of pedagogical sciences

SKSPI, c. Shymkent, Kazakhstan

Поступила 27.03.2015 г.

МАЗМҰНЫ

Еспаев С.С. Әлемдік экономика және Қазақстан: жаңа үрдістері, міндеттері мен ұсыныстары.....	5
Сабден О., Аширов А. ХХІ ғасырдағы адамзат дамуының концепциясы және азық – түлік қауіпсіздігі.....	15
Днишев Ф.М. Жаңа технологиялық қалыптарды дамытуға мемлекеттік-жеке меншік әдістері.....	30
Бірімбетова Н.Ж. Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың ынталандыру тетіктері.....	36
Османов Ж.Д. Қазақстандағы бағалы қағаздар нарығының институционалды дамуы.....	42
Жаубасов Б. Тиімді мемлекеттік қызмет: сын-қатерлер мен шешімдер.....	49
Абдулвалиева Т.В. Машинажасау өнімінің тиімділігінің өсуін қамтамасыз етудің макроэкономикалық тетіктері.....	56
Айтжанова А.Д. Қазақстанның минералды-шикізаттық кешенінің тұрақты қызмет етуі мақсатында ресурстық-шикізаттық саясатты жетілдірудің векторлары.....	64
Халитова М. Қазақстан азаматтарының жинақталған зейнетақысына кепілдік беру жүйесін жетілдіру.....	71
Байбергенова Л.Ж., Шаймарданова В.К. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде гендерлік тетіктерді қолдану.....	77
Досманбетова М.С., Рузанов Р.М. К.-Э. Свейбидің материалды емес активтерге мониторы негізіндегі қазақстандық кәсіпорындардың зияткерлік капиталын бағалау.....	83
Турсынбаева Д.К., Жадигерова О.Ж., Бекжанова Т.К. Көленкелі экономиканың көлемін бағалау әдістері және оның жетілдіру жолдары.....	90
* * *	
Аюпова З.К., Құсайынов Д.Ө. Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғам қалыптасуының теориялық алғышарттары мен тарихы.....	97
Жанакова Н.Н., Бабажанова Ж.А. Кедейлікпен күрестегі әлемдік саясат: Нидерланды, Германия, Қытай тәжірибесі.....	105
Жохов А.Л., Рақымбек Д., Юнусов А.А., Сайдахметов П.А. ² , Оразалиева Р.Н. Кәсіби мәдениет - қазіргі заманғы білім беруді жақсартудың басты бағдары.....	112
Сабдалиева Ә.К. Асан Қайғы мен Қазтуған жыраудың шығармаларындағы діни сөздер.....	119
Қожамқұлова Ж.Ж., Қойшыева Т.Қ., Есентаев Қ.Ө. Болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындау үдерісінде ақпараттық технология құралдарына оқытуды жобалау негіздері.....	125
Досжан Р.К. Қазақ мәдениетінің дамуына үлес қосқан данышпандар - Абай пен Шәкәрімнің рухани бірлігі.....	129
Кенжебаев Д.А. Әскери-ғарыш саласының тарихи зерттеуі әдіснаманың кейбір сұрақтары.....	133
Плохих Р. В., Бекарыстанова Л. Б., Келинбаева Р. Ж. Елді-мекенді аумақтардың тұрақты дамуы үшін әлеуметтік инфроқұрылымды зерттеудегі ГАЖ.....	140
Байжолова Р.А., Абылкасимова Ж.А. Ұлттық еңбек нарығындағы жұмыспен қамту және тұрғындардың экономикалық белсенділігінің арақатынасы.....	152
Турмамбеков Т.А. Т., Саидрахметов П. А., Нуруллаев М.А., Серимбетова А.Е. Мектеп оқушыларының физикадан білімін және шеберлігін критериялы бағалаудың мәселелерін шешудің кейбір негіздері мен жолдары.....	159
Бәбіжан Б.Ж. Қазақтың кәсіби әншілік өнерінің қалыптасуы және орындаушылық ерекшеліктері.....	168
Айтжанова Г.Д. Шет тілдері бойынша оқу құралдарында лексикалық жаттығуларды бекіту жүйесінің кластерлік әдісі.....	173
Исабаева С.Н., Чанбаева М.К., Скакова А.Ж., Рысқұлов Т. Интранет-портал бизнес жүргізудің тиімді құралы.....	183
Исмагулова Р.С. Коммуникативтік құзыреттіліктің шет тілін оқып үйренудегі рөлі.....	186
Дүйсенова Н.Б., Байқазиева Р.Т., Нүсіпбекова А.Н. Білім беру жүйесіндегі компьютерлік технологияны қолдану.....	190
Кердяшкина Г.В. Айтпаев А.Т. Кердяшкин В.В. Іле Аталау тауларындағы жаңадан табылған петроглифтар.....	193
Жүнісова Б.Н. Мемлекет пен ұлт құрау барысындағы тіл саясаты мен реформалары (Қазақстан мен Түркия мысалдарында).....	197
Сериев Б. А., Нұрмағанбет Е.Т. Мемлекеттік инвестициялық құқықтық саясат.....	205
Ізбасова А.Б. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттің тетігі және құқықтық құралдары.....	209
Абдукадирова Ж.А., Қурманбаева М.С. Ботаника пәнін оқытуда соя өсімдігінің онтогенезінде даму ерекшеліктерін студенттердің практикалық білімін арттыру мақсатында қолдану.....	212
Нурланова В.С. Балалар қоғамдық бірлестіктері – баланы әлеуметтендіру факторы.....	218
Анарбекова В.Э. Қырғыз халқының бірегей ескерткіш ретінде жанр «Koshok».....	221
Мусуралиева М.М. Ақпараттық ресурстар - Қырғыз Республикасының саяси қауіпсіздігі үшін құралы ретінде.....	227
Мураталиева Н.Х. Тұлғалық ерекшеліктері және болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің сипаттамаларын зерттеу.....	232
Раева Ч.Т. Математика сабақтарында компьютерлік технологияны қолдану үшін дидактикалық талаптар.....	236
Өпендиев Т.Ө. Қазақстан аумағында неміс диаспорасының миграциялық толқынының пайда болу мәселелері.....	240
Жакупов Ж.А. Қазақ лингвофольклортануының ғылымтанулық тұғыры.....	248
Әліпбек А.З., Таутаева Г.Б. Жастармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.....	256
Әліпбек А.З., Абдразақова М. Көру қабілеті бұзылған балалардың психофизиологиялық ерекшеліктері.....	263
Бектепова З.А. Заң сапасы: елеулі аспектілерін талдау.....	271
Тайторина Б.А., Тусупбекова С.К. Құқықтың қайнар көздері: заманауи заң ғылымдарындағы интерпретациялау мәселелері.....	276
Ақынова Ж.М. Шет тілін оқытуда интерактивті әдістерді қолдану арқылы студенттердің білім сапасын арттыру.....	287
Турдалиева Ә.Д., Ақынова Ж.М., Тұткабекова К.С. Шет тілін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндігі мен тиімділігі.....	292

СОДЕРЖАНИЕ

ЭКОНОМИКА КАЗАХСТАНА И ГЛОБАЛЬНЫЕ ВЫЗОВЫ СОВРЕМЕННОСТИ

<i>Еспаев С.С.</i> Мировая экономика и Казахстан: новые тенденции, задачи и предложения.....	5
<i>Сабден О.С., Аширов А.</i> Концепция развития человечества в XXI веке и продовольственная безопасность.....	15
<i>Днишев Ф.М.</i> Методы государственно-частного партнерства в развитии новых технологических укладов.....	30

ИНСТИТУЦИОНАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ

<i>Бримбетова Н.Ж.</i> Механизмы стимулирования развития местного самоуправления в Казахстане.....	36
<i>Османов Ж.Д.</i> Институциональное развитие рынка ценных бумаг в Казахстане.....	42
<i>Жаубасов Б.Ж.</i> Эффективная государственная служба: вызовы и решения.....	49

ПРИОРИТЕТЫ РАЗВИТИЯ РЕАЛЬНОГО СЕКТОРА ЭКОНОМИКИ

<i>Абдулвалиева Т.В.</i> Макроэкономические механизмы обеспечения роста эффективности машиностроительной продукции.....	56
<i>Айтжанова Д.А.</i> Векторы совершенствования ресурсно-сырьевой политики в целях устойчивого функционирования минерально-сырьевого комплекса Казахстана.....	64

ПЕНСИОННАЯ СИСТЕМА И ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА

<i>Халитова М.М.</i> Совершенствование системы гарантирования пенсионных накоплений граждан Казахстана.....	71
<i>Байбергенова Л.Ж., Шаймарданова В.К.</i> Применение гендерного механизма в системе образования Республики Казахстан.....	77

ПРИКЛАДНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НАУКИ

<i>Досманбетова М.С., Рузанов Р.М.</i> Оценка интеллектуального капитала казахстанских предприятий на основе монитора нематериальных активов К-Э. Свейби.....	83
<i>Турсынбаева Д.К., Жадигерова О.Ж., Бекжанова Т.К.</i> Методы оценки размеров теневой экономики и пути ее совершенствования.....	90

* * *

<i>Аюпова З.К., Кусаинов Д.У.</i> Теоретические предпосылки и история становления гражданского общества в РК.....	97
<i>Жанакова Н.Н., Бабажанова Ж.А.</i> Мировой опыт борьбы с бедностью: на примере Нидерландов, Германии, Китая.....	105
<i>Жохов А.Л., Рахымбек Д., Юнусов А.А., Саудахметов П.А., Оразалиева Р.Н.</i> Культура профессионала – главный ориентир совершенствования современного образования.....	112
<i>Сабдалина А.К.</i> Религиозные слова встречающиеся в поэзии Асан Кайгы и Казтуган жырау.....	119
<i>Қожамақұлова Ж.Ж., Қойшыева Т.Қ., Есентаев Қ.Ө.</i> Основы проектирования обучения средствам информационной технологий в процессе профессиональной подготовки будущих учителей.....	125
<i>Досжан Р.К.</i> Духовное единство мыслителей, внесших вклад в развитие казахской культуры – Абая и Шакарима.....	129
<i>Кенжебаев Д.А.</i> Некоторые вопросы методологии изучения истории военно-космической отрасли.....	133
<i>Плохих Р. В., Бекарыстанова Л.Б., Келимбаева Р.Ж.</i> ГИС в изучении социальной инфраструктуры для целей устойчивого развития селитебной территории.....	140
<i>Байжолова Р.А., Абылкасимова Ж.А.</i> Соотношение занятости и экономической активности населения на национальном рынке труда.....	152
<i>Турмамбеков Т.А., Саудахметов П. А., Нуруллаев М.А., Серимбетова А.Е.</i> О некоторых основаниях и путях решения проблемы критериального оценивания знаний и умений учащихся школы по физике.....	159
<i>Бабижан Б.Ж.</i> Становление казахского профессионального песенного искусства и исполнительские особенности.....	168
<i>Айтжанова Г.Д.</i> Кластерный метод организации лексических упражнений для закрепления в учебниках по иностранному языку для неязыковых школ.....	173
<i>Исабаева С.Н., Чанбаева М.К., Скакова А.Ж., Рыскулов Т.</i> Интранет-портал бизнес жүргізудің тиімді құралы.....	183
<i>Исмагулова Р.С.</i> Роль коммуникативной компетенции в обучении иностранного языка.....	186
<i>Дуйсенова Н.Б., Байказиева Р.Т., Нусипбекова А.Н.</i> Применение компьютерных технологии в системе образования.....	190
<i>Кердяшкина Г.В., Айтбаев А.Т., Кердяшкин В.В.</i> Новая находка петроглифов в высокогорье Заилийского Алатау.....	193
<i>Жунусова Б.Н.</i> Языковая политика и языковые реформы в государственном и национальном строительстве (на примере Казахстана и Турции).....	197
<i>Сериев Б.А., Нурмаганбет Е.Т.</i> Государственная инвестиционно-правовая политика.....	205
<i>Избасова А.Б.</i> Правовые средства и механизмы противодействия коррупции.....	209
<i>Абдукадирова Ж.А., Қурманбаева М.С.</i> Использование в целях повышения практических знаний студентов в изучении особенностей развития сои в онтогенезе на занятиях по ботанике.....	212
<i>Нурланова В.С.</i> Детские общественные организации как фактор социализации ребенка.....	218
<i>Анарбекова В.Э.</i> Жанр «Кошок» как уникальный памятник кыргызского народа.....	221
<i>Мусуралиева М.М.</i> Информационные ресурсы – как инструмент обеспечения политической безопасности КР.....	227
<i>Мураталиева Н.Х.</i> Изучение личностных свойств и особенностей будущих учителей начальных классов.....	232
<i>Раева Ч.Т.</i> Дидактические требования к применению компьютерной технологии на уроках математики.....	236
<i>Апендиев Т.А.</i> Проблемы возникновения миграционного потока немецкой диаспоры в Казахстане.....	240
<i>Жакупов Ж.А.</i> Научно-ведческие позиции казахской лингвофольклористики.....	248
<i>Алипбек А.З., Таутаева Г.Б.</i> Особенности ведения психолого-педагогической социальной работы с молодежью.....	256
<i>Алипбек А.З., Абдразакова М.</i> Психофизиологические особенности детей с нарушениями зрительной способности.....	263
<i>Бектепова З.А.</i> Качество закона: анализ содержательного аспекта.....	271
<i>Тайторина Б.А., Тусупбекова С.К.</i> Источники права: проблемы интерпретации в современной юридической науке.....	276
<i>Ақынова Ж.М.</i> Эффективное использование интерактивной методики обучения иностранному языку в высших учебных заведениях.....	287
<i>Турдалиева Э. Д., Ақынова Ж. М., Туткабекова К.С.</i> Возможности и эффективности использования информационно-коммуникативных технологии в обучении иностранным языкам.....	292

**PUBLICATION ETHICS AND PUBLICATION MALPRACTICE
IN THE JOURNALS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www:nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

social-human.kz

Редакторы *М.С. Ахметова, Д.С. Аленов, Т.К. Апендиев*
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 04.04.2015.
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
21 п.л. Тираж 3000. Заказ 2.

Национальная академия наук РК
050010, Алматы, ул. Шевченко, 28, т. 272-13-18, 272-13-19